

- Экологиялық қолайсыз аумақтарда тұратын тұрғындардың құқықтары
- Бас бостандығынан айырылғандардың медициналық көмек алуға құқықтары.

3. Пациенттердің құқықтары

- Пациенттердің жалпы құқықтары
- Медициналық қызмет алатын кейбір категориядағы пациенттер құқықтары

(трансплантология, психиатрия, иммунопрофилактика тағы басқалары).

Сонымен, ҚР мен басқада ТМД мемлекеттерінің конституцияларында бекітілген әр адамның денсаулығын сақтауға құқығына жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, әлеуметтік және лауазымдық жағдайына қарамастан, діни нанымына және тағы басқа жағдайларға қарамастан барлық адамдарға тән болып келеді. Әр адамның денсаулық сақтау құқығы ҚР территориясында жүрген шет ел азаматарына да тарайды. Ал адамның денсаулық сақтау конституциялық құқығы тұрғындарға келесідей мүмкіндіктер қалыптастырады:

- Өз денсаулығын қорғау мақсатында медициналық мекемелерге жүгінуге;
- Білікті медициналық кеңес немесе көмек алуға;
- Денсаулығына әсер ететін қоршаған орта туралы мемлекеттік органдардан ақпараттар талап етуге;
- Денсаулық сақтау құқығын қорғауға құқығы бар.

Әдебиеттер тізімі:

1 Государственное (конституционное) право зарубежных стран. Общая часть / Под.ред.Б.Б Старшун. - М.: Бек, 1996. – 590 с.

2 Европейская социальная хартия // http://www.consultant.ru/document/cons_doc

3 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

4 Конституция Российской Федерации. 12 декабря 1993 года // www.constitution.ru

5 Федеральный закон от 21.11.2011 N 323-ФЗ (ред. от 29.07.2017) "Об основах охраны здоровья граждан в Российской Федерации" // www.consultant.ru

6 Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Кодексі // www.adilet.zan.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

*Ильясов Қ., заң факультетінің докторанты, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ
Божқараұлы А., з.ғ.к., доцент, конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының
меңгерушісі*

Әртүрлі ұлттық және діни топтардың бейбіт өмір сүруі негізінен мемлекеттің ұстанған саясатына байланысты. Қазақстан Республикасында конфессияаралық және ұлтаралық келісім - мемлекеттің тұтастығы мен оның демократиялық реформалар жолындағы жетістіктері үшін қажетті жағдайлардың бірі. Осыған орай Президент Нұрсұлтан Назарбаев: «Біздегі ұлтаралық және дін-аралық келісімнің моделі – бүкіл әлемдегі түрлі конфессиялар арасындағы қарым-қатынас ісіне Қазақстанның қосқан қомақты үлесі» [1] деп айтқан болатын.

Қазақстан Республикасының Конституциясының бірінші бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген, ал 19 бабының 1 тармағында «Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы» деп көрсетілген[2]. Бұл дегеніміз, біріншіден дін мен мемлекеттің бөлінгенін, діни бірлестіктердің мемлекеттік билікке араласа алмайтындығын білдірсе, екіншіден азаматтардың ар-ождан бостандығы абсолютті құқық екенін және оны ешқандай жағдайда шектеуге болмайтындығын білдіреді.

Сонымен бірге кәзіргі уақытта адам құқықтары мен діни сенім бостандығы ұғымдары халықаралық құқықтық нормалармен де анықталады. Бұл нормалардың ішіндегі ең маңыздысы БҰҰ-ның 1948 жылы қабылдаған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы». Осы декларацияның 2 бабында «Әр адам, нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе

басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық, немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік, тектік-топтық, немесе басқа да жағдаяттарға қарамастан осы Декларацияда жарияланған барлық құқықтар мен бостандықтарға алаланбай, бірдей тең ие болуы тиіс» деп көрсеткен [3]. Сонымен бірге 18 бабында ар-ождан және діни сенім бостандығы ұғымына толықтай түсініктеме береді, бұған сәйкес әр адам жекелей немесе ұжым болып келісе отырып өздерінің діни көзқарастарын өзгертуге, діни рәсімдерді еркін атқаруға құқығы бар екендігін көрсетеді.

Діни бірлестіктердің мәртебесі туралы айтылғанда ең бірінші Негізгі заңымызда көрсетілген зайырлылық ұғымын анықтап алуымыз керек. Зайырлық қағидасы қазіргі уақытта көптеген елдердің құқықтық мемлекет ретінде қалыптасып, әрекет етуінің басты қағидаларының бірі болып табылады. Дегенмен зайырлылық ұғымының күрделілігіне байланысты ғылымда бірнеше пікірлер қалыптасқан. Кейбір әдебиеттерде зайырлықты мемлекеттің діннен бөлінгенін, соған сай мемлекеттік билік пен білім берудің діни нышандар мен мазмұннан еркін екенін алға тартады. Басқалары зайырлықты азаматтардың конституциялық құқықтарын, соның ішінде діни бостандықтарын қамтамасыз ететіндебағалайды. Заң ғылымында зайырлылықтың негізгі белгілері ретінде мыналарды көрсетеді:

- Мемлекеттік билікке діни бірлестіктердің араласуына жол берілмеуі;

- Мемлекеттік билік органдары діни бірлестіктердің қызметіне заңсыз араласа алмауы;

- Діни бірлестіктердің партия ретінде құрылуына жол берілмеуі;

- Адамдардың ар-ождан бостандығы мен діни сенімі қамтамасыз етілуі;

Ал Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында зайырлықты сипаттайтын қағидаларды төмендекөрсетілгендей жіктеген:

1) мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет жүйесінде: Мемлекеттің конституциялық құрылымы заң шығаруда, мемлекеттік билік органдарының құрылуы мен жұмыс істеуінде, лауазымды адамдардың этикасында діни мүддені жоққа шығарады. Бірде-бір дін мемлекеттік немесе міндетті болып танылмайды, ал мемлекеттік саясат қандай да бір діни ілімнің нұсқамасымен құрылмайды, ол тұтас алғанда, азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің тыныс-тіршілігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің нақты мүдделерінен туындайды.

2) құқық қорғау, арнаулы органдар және Қарулы Күштер жүйесінде: Құқық қорғау, арнаулы органдары мен Қарулы Күштер жүйесінде дінді насихаттауға жол берілмейді. Әскери міндеттілік діни нанымнан бас тартуды талап етпейді. Әскери қызметші өз наным-сенімін ұстана алады, алайда осы наным-сенімін іске асыру жұмыстағы қызметке нұқсан келтірмеуге тиіс;

3) бұқаралық ақпарат құралдарында: Бұқаралық ақпарат құралдары діни және өзге де көзқарасына қарамастан елдегі барлық азаматтарға арналған, бұл ретте дін мен мемлекеттік-конфессиялық қатынастар мәселелерін бейтарап жария етуді қамтамасыз етеді. Діннің канондық мәселелері тек тіркелген діни бірлестіктер құрған бұқаралық ақпарат құралдарында ғана жарияланады;

4) білім беру жүйесінде: Білім беру жүйесі жеке тұлға мен қоғамда қазақстандық патриотизмді, халықтың ұлттық және рухани дәстүрлеріне деген құрметті қалыптастыруда негізгі рөл атқарады және мемлекеттің білім беру жүйесінің зайырлы сипатын сақтау керек. Білім беру ұйымдарында "Зайырлылық және дінтану негіздері" курсының оқыту оқушылардың діни ілімнің ерекшелігі мен тарихы туралы ғылыми білімін қалыптастыруға, жастарды келісімге, мәдени және діни саналуандылыққа тәрбиелеуге бағытталған;

5) денсаулық сақтау жүйесінде: Ел азаматтарының жынысына, нәсіліне, ұлттық тиесілілігіне, тіліне, әлеуметтік шығу тегіне және діни сеніміне қарамастан, оларға толық медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету әлеуметтік мемлекеттің бірінші кезектегі міндеті болып табылады.

6) мәдениет және спорт жүйесінде: Мәдениет ел азаматтарының ұлттық бірегейлігінің негізі, рухани салт-дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтардың жетекшісі ретінде мемлекет қамқорлығындағы ерекше объект болып саналады. Қазақстанның зайырлы құрылымы мемлекет аумағындағы барлық этностар мен конфессиялардың мәдениетін дамыту үшін әділ және тең жағдай жасайды. Қазақстанның әрбір азаматы этникалық шығу тегі мен діни көзқарасына қарамастан, өзінің мәдениетін, дәстүрі мен тілін дамытуға, қоғам мен мемлекет өмірінің барлық салаларына атсалысуға құқылы.

7) әлеуметтік-экономикалық салада: Әлеуметтік-экономикалық қатынастар барлық қауымдар мен жеке тұлғалардың дамуына тең құқық пен мүмкіндіктерге кепіл беретін мемлекеттің зайырлылық қағидаларына сүйене отырып реттеледі.

8) отбасы институтын нығайтуда: Мемлекеттің әлеуметтік дамуының аса маңызды міндеттерінің бірі отбасы институтын және оның қоғамдағы дәстүрлі моральдық-адамгершілік құндылықтарын сақтау болып табылады. Сондықтан отбасы-неке қатынастары жүйесіндегі мемлекеттік саясат, ең алдымен, отбасы институтын және оның құндылықтарын нығайтуға әрі дамытуға, оны деструктивті идеялардан қорғауға бағытталған.

9) мемлекеттің діни бірлестіктермен өзара іс-қимылында: Мемлекет діни бірлестіктердің қоғамда ізгілік құндылықтарын сіңіруге бағытталған қызметін реттейді [4].

Осы мәселеге қатысты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауында «Дін мәселелерінде ойластырылған қадам және өте мұқияттылық қажет. Мемлекет діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпауға тиіс. Біз ұят, толеранттылық және төзімділік еркіндігі принциптерін қастер тұтуымыз керек», – деген болатын [5, 35].

Қазақстанда мемлекет пен дін бөлінген деп көрсетілуі мемлекеттің діни бірлестіктердің қызметіне заңсыз араласпауын ғана емес, сонымен бірге, бұл бірлестіктердің өзіндік ережелерін конституциялық міндеттер мен жалпы ережелерді бұзуға пайдалануына жол бермеуді де білдіреді. Бұл қағиданы Қазақстан Республикасы Конституциясының: «Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс» деген 22-бабында бекітілген [2]. Діни сенім бостандығы деген ұғым өте күрделі әрі көп қырлы құбылыс. Оны заң ғылымында құқықтық және этикалық аспектілер тұрғысында қарастырады. Бұл мәселеге қатысты ғалымдар әр түрлі пікірлер қалыптастырған. Кейбір ғалымдар ар-ождан бостандығы мен діни сенім бостандығын бір ұғым деп қарастырған, себебі бұл екеуі де адамның жеке моральдық сипатына қатысты деп есептейді және ар-ождан бостандығының орнына діни сенім бостандығы деген ұғымды ғана заңда қалдыруды ұсынады. Келесі ғалымдар тобы діни сенім ұғымын ар-ождан ұғымының бір саласы ретінде қарастырады. Себебі діни сенім бостандығы дегеніміз бұл құдайға сену мен діни рәсімдерді орындауға ғана байланысты болса, ар-ождан ұғымы бұған қарағанда кеңірек ауқымды қамтиды. Ар-ождан ол адамның жеке ішкі сеніміне байланысты және қоғамда қалыптасқан ортақ моральдық түсініктерге байланысты қалыптасатын таңдау және ол көбіне діни сенімге байланысты болмауы да мүмкін. Ал, Қазақстанның заңнамаларында діни сеніммен ар-ождан бостандығын заң жүзінде бекітіп, барлық азаматтарға еш кедергісіз осы құқықты пайдалануға кепілдік береді. Сонымен бірге діни сенім бостандығы азаматтың құқықтық мәртебесі құрылымында маңызды орынға ие. Себебі бұл құқық конституциялық құқық топтарының ішінде азаматтардың жеке негізгі құқығы болып табылады.

Кенес Одағы кезінде діни бірлестіктер туралы арнайы заңдар болмады және дін саласын реттеу негізінен идеологиялық тұрғыдан болды. Діни бірлестіктер жеке құқық субъектісі ретінде емес, азаматтардың жеке рухани қажеттілігін қанағаттандыру құралы ретінде ғана қарастырылды. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғанан кейін азаматтардың діни сенім бостандығына еркіндік берді және дін саласын реттеу үшін нормативтік базаны қалыптастыру қажеттілігі туындады. Осы мақсатта 1992 жылдың 15 қаңтарында «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң қабылданған болатын. Бұл заң елімізде алғаш қабылданғандықтан және бұрын бұл саланы реттеудегі тәжірибенің болмауы елімізде әр түрлі дәстүрлі және дәстүрлі емес діни ағымдардың көбеюіне алып келді. Олардың ішінде деструктивті бағыттағы діни ағымдардың да көп болуы жағдайды шиеленістіре түсті. Оған қосымша азаматтардың діни сауатсыздығы, жастардың діни экстремистік топтардың қатарына көптеп тартыла бастауы дін туралы заңнаманы жетілдірудің қажеттілігін көрсетті. Аталған заң қабылданғаннан кейін, қоғамдағы діннің рөлі кеңейіп, елдегі діни жағдай да жаһандану үрдісінің әсерінен өзгерістерге ұшырады. Елімізге бұрын болмаған әр түрлі діни ағымдардың легі келе бастады. Шет елдік миссионерлердің жергілікті дәстүрлі діни бірлестіктерге қарағанда бұл салада тәжірибиесі де мол болды және қаржылық қамтамасыз етілеуі де күшті болатын. Бұл қоғамда қалыптасқан дәстүрлі діни бірлестіктер мен жат ағымдағылар арасындағы қарым қатынастардың күрделене түсуіне алып келді. Мысалға, соңғы онжылдықта Қазақстанда діни бірлестіктердің сандық және сапалы өсуі байқалды. 2005 жылы 3259 діни бірлестіктер болды, бұл 2004 жылғы 1 қаңтардағымен салыстырғанда 102 бірлестікке көбейсе, ал 1990 жылы олардың саны 670 ғана болатын, ал 2011 жылы олардың саны 4,551-ге жетті [7]. Осыған орай, 2011 жылы дін саласына қатысты жаңа заң жобасын жасау туралы бастамалар көтерілді, заң дайындаушылар алдына осы уақытқа дейінгі жиналған тәжірибие мен шет елдердің және халықаралық ұйымдардың тәжірибиелерін пайдалана отырып діни бірлестіктердің қызметтерін реттеуді жетілдіру, сонымен қатар, діни сенім бостандығы қағидасының демократиялық негіздерін сақтау міндеттері қойылды. Осылайша, Қазақстан Республикасының, діни бірлестіктер қызметінің негізгі бағыттарын құқықтық

реттеу, сондай-ақ әр түрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, кемшіліктер мен тартысты шешу мақсатында 2011 жылғы қазанның 11-інде «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» туралы заң қабылданды [8].

Заңның негізіне әлемдік тәжірибелер ескеріліп, қоғам алдында елдегі дәстүрлі конфессиялардың беделін көтеруге мүмкіндік берді. Себебі осы уақытқа дейінгі тәжірибие жат ағымдардың қоғамға тигізетін зиянын анық көрсетті. Мысал ретінде елімізде діни экстримизмнің белең алуы, кейбір азаматтардың діни ағымдардың жетегімен шет елдерде болып жатқан қақтығыстарға кетуін айтуға болады. Сондықтан дәстүрлі діндердің жастарды рухани-өнегелік тұрғыда тәрбиелеудегі және қоғам өміріне қатер төндіретін жалған діндерге қарсы тұрудағы ықпалдарын арттырып, ұлттық-мәдени дәстүрдің дамуы мен сақталуына да жәрдемдесуіне мүмкіндік берілді.

Бұл заңның дін саласын реттеудегі басты ерекшелігі діни бірлестіктерді тіркеу, қайта тіркеу рәсімдері мен олардың қызметтерін реттеу процестері жетілдірілді. Заңның 24-бабына сәйкес діни бірлестіктер заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жылдың ішінде жаңа талаптарға сәйкес өздерінің құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізуге міндетті болды [8]. Осы норманың нәтижесінде кәзіргі уақытта елімізде, 18 конфессияның 3658 діни ұйымдары ғана қалды. Яғни, жаңа заң талаптарына сәйкес тіркеуден өткенен кейін олардың саны 1463 дейін немесе 32% -дан астамы азайды. Сонымен еліміздегі діни бірлестіктердің саны статистика бойынша: Ислам - 2756, Орыс православие шіркеуі - 303, рим-католик шіркеуі - 84 протестанттық және жаңа діни қозғалыстар - 1301 болды. Ал діни бірлестіктерге тиесілі ғибадат орындары статистика бойынша 3377 ғибадат орындары бар, олардың ішінде, 2416 - мешіттер, 269 - православ шіркеуі 88 - католик шіркеулері, 5 - синагога, сондай-ақ көптеген протестанттық және басқа да шіркеулер бар [9]. Осылайша бұл ереженің негізінде еліміздің аумағында қызмет ететін барлық діни бірлестіктерді қайта тіркеуден өткізіп, олардың қызметін заң тұрғысында қайта бағалауға мүмкіндік берілді. Қазақстан республикасында діни бірлестіктерді тіркеу заң бойынша және тәжірибиеде қолдану мәселесі күрделі сұрақтардың бірі болып табылады. Діни бірлестіктеді тіркеу институтының маңыздылығы ол діни бірлестіктердің негізгі мақсатын анықтау және оларды бақылау болып табылады.

Діни бірлестіктердің қызметін реттеу Қазақстан Республикасының бірнеше заңдарымен жүзеге асырылады. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен [10], ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексімен [11], ҚР Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы заңымен [8], ҚР Экстримизмге қарсы іс-қимыл туралы заңымен [12], ҚР Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңымен [13], ҚР Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңымен [14] және тағы басқа нормативтік құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады.

2011 жылғы қабылданған "Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы" заңға сәйкес (13 бап), тіркеуден өту үшін діни бірлестіктердің төмендегідей белгілері болуы тиіс:

- ортақ діни ілімі;
- діни жораларды, рәсімдер мен уағыздарды орындау;
- өз қатысушыларын (мүшелерін) және дін ізбасарларын діни тәрбиелеу;
- қызметінің діни бағыты. [8]

Бұл белгілерді бекіту жалған діни коммерциялық ұйымдардың қызметіне қарсы шара қолдануға мүмкіндік береді. Салық кодексіне сәйкес діни бірлестіктердің барлық салық түрінен босатылғандықтан кейбір коммерциялық ұйымдардың дін атын жамылып салықтарды төлеуден жалтаруына мүмкіндік бермеу, діни экстримистік топтардың жұмысына тоқтау салу үшін бұл норма қажет. Бұған қоса заңның 12-бабында діни бірлестіктердің жергілікті, өңірлік және республикалық мәртебесі болуы мүмкін екендігін көрсеткен. Бұл норманың талабы бойынша жергілікті діни бірлестік дегеніміз бір обылыстан немесе республикалық маңызы бар қаланың және астананың шегінде әрекет ететін, кемінде елу адамнан тұратын діни бірлестік жергілікті діни бірлестік болып танылады. Ал кемінде екі облыстан, республикалық маңызы бар қалалардан және астанадан өкілдік ететін, олардың әрқайсысынан Қазақстан Республикасының кемінде екі жүз елу азаматы бар екі және одан да көп жергілікті діни бірлестіктердің қатысушылары (мүшелері) болып табылатын, Қазақстан Республикасының кемінде бес жүз азаматының бастамасы бойынша құрылған діни бірлестік өңірлік діни бірлестік болып танылады. Республикалық деп барлық облыстардан, республикалық маңызы бар қалалардан және астанадан өкілдік ететін, Қазақстан Республикасының кемінде бес мың азаматының бастамасы бойынша құрылған, олардың әрқайсысында Қазақстан Республикасының кемінде үш жүз азаматы бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық аумағында өз құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) бар діни бірлестік

танылады[8]. Осы жаңа заңның негізінде діни бірлестіктердің саны кемуіне қарамастан, бүгінгі күні біздің елімізде конфессияаралық әралуандылық сақталып қалды деп айтуға толық негіз бар.

Сонымен бірге еліміздегі дін ахуалын тұрақтандыруға байланысты 2017 жылы 20 маусымда «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітілді. Бұл тұжырымдама мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қатынастарды жетілдіруге, мемлекеттің зайырлы қағидаларын нығайту және дінді деструктивті мақсатта пайдалануға жол бермеу бойынша ресми көзқарастар жүйесі болып табылады [4]. Осы тұжырымдамада дін саласындағы заңнамаларды жетілдіру мәселесі де қарастырылған. Тұжырымдаманың дін саласындағы мемлекеттік саясатты дамытудың тәсілдері атты бөлімінде дін саласындағы тиімді мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттары оны құқықтық қамтамасыз ету және заман талабы мен сын-тегеуріндерге сәйкес, оның ішінде ақпарат және коммуникация, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, мемлекеттік қызмет, жергілікті өзін-өзі басқару және өзге де салалардағы заңнаманы жетілдіру болып табылады [4] деп көрсеткен. Бұл дегеніміз дін саласындағы заңнамаларды заман ағымына сай және еліміздің өзге де нормативтік құқықтық актілеріне қарама-қайшы болмайтындай етіп дамыту көзделген. Бұл нормативтік құқықтық актілер дін саласындағы заңнамаларды және осы салаға қатысы бар өзге де нормативтік-құқықтық актілердің жүзеге асуын, елдегі діни ахуалды оңалтуға, конфессиялардың қызметін заманауи талаптарға сай болуына жағдай жасауға бағытталған. Дегенмен елімізде орнығып алынған жат ағымдардың өз қызыметін әлі де болса тоқтатпай жатуы, және жаңадан пайда болып жатқан діни экстримистік ұйымдардың белсенді қызметтеріне тоқтау салу үшін әлі де болса заңнамаларды дамытудың қажеттілігін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезінде сөйлеген сөзі 2006 жыл <http://www.religions-congress.org/content/view/211/1/lang,kazakh/>
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1995ж (10.03.2017жылғы өзгерістермен толықтырулармен бірге)http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
3. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылы 10 желтоқсанда №217 А(III) қабылданған <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>
4. "Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы" ҚР Президентінің 2017 жылғы 20 маусымдағы №500 Жарлығы [/http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000500](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000500)
5. Назарбаев Н.А. Тәуелсіздік белестері – Алматы, 2003. - 35 б.
6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>
7. Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палата отырысында Агенттік төрағасы Қ.Лама Шарифтің сөйлеген сөзі, Астана қ., 14 қыркүйек 2011 ж. <http://www.government.kz/kz/vystupleniya/5192-aza-stan-respublikasy-din-isteri-agenttigini-t-ra-asy-lama-sharifti-agenttikti-al-a-otyrysynda-s-jlegen-s-zi.html>
8. «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» туралы заң 2011ж 11 қазан қабылданған (22.12.2016 жылғы өзгерістермен толықтырулармен бірге) <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483>
9. Лама Шариф К. Выступление Председателя Агентства Республики Казахстан по делам религий на брифинге «Религиозная ситуация в Казахстане»: Фрагмент стенограммы. 2013 год.— [ЭР]. Режим доступа:religiopolis.org/documents/6274-religioznaja.
10. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсан (11.07.2017 жағдай бойынша) http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_
11. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексімен 2014 ж. 5 шілде №235-V (11.07.2017 жылғы өзгерістермен толықтырулармен бірге) <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>
12. ҚР Экстримизмге қарсы іс-қимыл туралы заңы 2005 ж 18 ақпан (01.03.2017 жылғы өзгерістермен толықтырулармен бірге) http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000031_
13. Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңы 2001 жылғы 16 қаңтардағы N 142 Заңы(27.02.2017 жағдай бойынша) http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000142_
14. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңы 1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2198 (01.07.2017 жағдай бойынша) http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002198_